Мұнайлы Өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№02 (100), ақпан - наурыз, 2018 жыл

*В центре внимания*

# КАЧЕСТВО ПРЕВЫШЕ ВСЕГО!

**АО «Мангистаумунайгаз» получило международные сертификаты на соответствие стандартам ISO 9001, ISO/TS 29001, ISO 14001, OHSAS 18001. Об этом на традиционной еженедельной планерке сообщил коллегам Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев.**

Бакыт Иманбаев отметил, что компания успешно прошла сертификационный аудит на соответствие международным стандартам. Аудит проводил мировой лидер в области испытаний, инспекций и сертификации - компания Bureau Veritas Certification, которая признана и аккредитована ведущими национальными и международными организациями.



В поздравительном письме Правлению Общества руководитель отдела сертификации «Bureau Veritas Kazakhstan» Вячеслав Зуенок подчеркнул, что группа аудиторов пришла к заключению, что Общество успешно внедрило интегрированную систему менеджмента в соответствии с требованиями международных стандартов ISO 9001:2015, ISO/TS 29001:2010, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 и продемонстрировало способность этой системы обеспечивать выполнение требований к услугам/продукции в рамках области сертификации, а также реализацию политики и целей Общества в области качества, охраны окружающей среды, профессионального здоровья и безопасности.

- Данная сертификация позволила нам получить независимую оценку нашей системы менеджмента качества и убедиться, что деятельность компании и выполняемые внутри Общества процессы управления качеством соответствуют самым высоким мировым стандартам, - сказал Бакыт Иманбаев. - Уверен, что получение международных сертификатов внедрения интегрированной системы менеджмента в соответствии с требованиями международных стандартов будет способствовать дальнейшему эффективному и успешному развитию компании.

Генеральный директор поблагодарил руководителей структурных подразделений, отметив, что они ответственно подошли к прохождению аудита: вся запрашиваемая информация предоставлялась в полном объеме и в срок.

Кроме того, Правление Общества выразило особую благодарность руководству и работникам Департамента перспективного развития, подчеркнув большую роль департамента в получении сертификатов на соответствие международным стандартам ISO 9001, ISO/TS 29001, ISO 14001, OHSAS 18001, и пожелал всем успехов в дальнейшей работе!

*Компания тынысы*

# ОТАНДЫҚ ӨНІМ - ОРТАҚ ОЛЖА

**Отандық өнімнің өрісін кеңейтіп, ауылдарда жұмыс орындарының сақталуына сеп болып, кенорындарында мұнайшыларды сапалы ет- сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бұл үрдісті бекіте түсті. Өңірге оң берген компанияда өткен сенбі күні Маңғыстау облысының әкімдігі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Үшжақты меморандумға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Бекмұрат Жүсіпов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев және кәсіпкерлер қол қойды.**






кәсіпкерлер де бәсекеге қабілетті, сапалы өнімдер шығарып, істерін жауапкершілікпен орындап, мұнайшылардың көңілінен шығады деп сенемін. Баршаңызға бұл істе сәттілік, табыс тілеймін. Еліміздің көркеюіне бірігіп қызмет жасайық, – деді Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Бекмұрат Жүсіпов.

Кездесуде аймақ басшысының орынбасары Бекмұрат Қыдырбайұлы өндірісі өрлеген «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының игілікті қадамы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының әлденуіне жол ашатынын жеткізді.

– Өзара келісімге, серіктестікке бастайтын құнды құжат еңбекке құлшындырады. Үш тарапқа да тиімді меморандум аясында игі істер атқарылып, сенімділік пен ынтымақтастық үйлесім табатынына сенім мол. Еліміздің экономикасын көтеруге, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне белсене атсалысып келе жатқан компанияға халықтың атынан ризашылығымды білдіремін. Қызметтерін жақсы атқарып келе жатқан жергілікті

Жиында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев бұл бастама 2014 жылдан бері облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асып келе жатқанын, биыл меморандум мерзімі аяқталғандықтан тағы ұзартылғанын айтып өтті.

– Бұрын кенорнына республикамыздың түкпір-түкпіріндегі шалғай облыстардан тасымалданатын. Жергілікті шаруаларды қолдай отырып, мұнайшыларға жайлы жағдай жасау мақсатында осы бастаманы қолға алдық. Бүгінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қатары артып келеді. Біз кәсіпкерлермен тығыз қарым- қатынаста, түсіністікте жұмыс жасап келеміз. «Маңғыстаумұнайгаз» жергілікті кәсіпкерлерден 2015– 2017 жылдарға арналған меморандум аясында 1 млрд.508 млн.теңгеге өнім сатып алды. Кенорнында мұнайшыларға берілетін тағамдардың сапасы едәуір жақсарды. Жаңа меморандум аясында 1 млрд.263 млн.теңгеге ет, сүт және балық, ұн және тағы басқа өнімдерді сатып аламыз. Оның ішінде 860 млн.теңгеге ет алуды жоспарладық. Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасымен біздің өңірімізде де кәсіпкерлерге, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге мемлекеттік қолдаудың аясы кеңейе түсті. Біз де шама- шарқымызша бизнестің буынын бекітуге, шағын және орта кәсіп иелеріне қол ұшын созып, отандық өнімді кеңінен тұтынуға атсалысып отырмыз, – деді Бақыт Алтайұлы.

Кездесу кезінде тараптар туындаған сауалдарды талқылып, өзара келісімге келді. Құнды құжатқа қол қойғаннан кейін үш тарап сенімді серіктестікте жұмыс жасауға уағдаласты.

«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясындағы кен орындарына бірнеше жылдан бері ет өткізіп келе жатқан «Қинах-Шопан» ЖШС директоры Бекайдар Қапашовтың айтуынша, бұл құжат жұмыс орындарын сақтауға, кәсіпкерліктің көсегесін көгертуге, халыққа тиімді жағдай жасауға мүмкіндік береді. Кәсіпкер халық тапсырған қой, түйе, жылқыны жаңа сойылған күйінде кенорындарына жөнелтеді. Осылайша, компаниямен келіскен мөлшері бойынша айына 9 тонна етті тапсырып отыр.

– Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін көше араламай, базарға жүгірмей, мұнайшыларға өз қолымызбен тапсырып отырмыз. Жолдың бойында тұрып қымыз, шұбат сатып тұру да бізге лайық емес. Халықтан алып, өндіріске тапсырып тұру – ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бағындырған белесі деп есептеймін. Осы уақытқа шейін компаниямен ымырашылдықта жұмыс жүргізіп келеміз. Келісімге қарай қой, жылқы, түйе еттерін тапсырамыз. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Алтайұлы біздің қойған талаптарымызды орындап, қолдан келгенше қолдау көрсетіп келеді. Алдағы уақытта бірге жемісті жұмыс жүргіземіз деген сенімдемін, – деді «Сенек» ЖШС директоры Қалпақ Наурызмағанбетов.

*Еңбекті қорғау*

# «ҚазМұнайГаздағы» қауіпсіздік: Біз алға қадам басамыз



Біздің өндіріс саламыз мезгіл-мезгіл тәжірибемізді, технологиямызды немесе философиямызды бизнесті дұрыс жүргізіп отырмыз ба, жоқ па, сол тұрғысынан қайта карауға мәжбүрлейтін апатты оқиғаларға кезігіп отырады. Бұған "Теңіз" кен орнындағы апатты жағдай, 1988 жылы Солтүстік теңізде "Piper Alpha" мұнай платформасында болған апатты жағдай және 2010 жылы Мексика шығанағындағы "Macondo" ұңғымасын игеріп жатқан платформадағы жарылыс мысал бола алады. Осы оқиғалар ЕҚОҚҚ саласын, компаниялардың қауіпсіздікке деген көзқарасын және құзыреттерді, сенімділікті арттыру жүйелерін және төтенше жағдайлар болғанда жоспарлауды басқару стилін толық өзгертіп, қайта карауға алып келді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясында біз регламентпен шектеліп қалмай, қызметімізді тәуекелдерді басқаруға, мүмкіндіктерімізге, технологияларымызға және қауіпсіздік бағдарламаларымызға келгенде бизнесті жүргізу мәдениетін түбегейлі өзгертеміз. Біз стандарттарға сәйкес келетін бизнес-модельден барлық компанияда келісілген стандарттарды, процестерді және рәсімдерді талап ететін және осындай өзгерістердің негізі болып табылатын алдын алу моделіне өтудеміз. ЕҚОҚҚ басқарудың жалпы жүйесінің нәтижесінде біз жұмыс істейтін барлық салаларда бізге қағидалар мен нормалардың шегінен шығуға көмектесетін біз алға қадам басамыз қағидатымен бақыланатын қызметтің негізі қаланатын болады

Бірнеше жылдың ашық деректерін жинағаннан кейін операцияларымыздың қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер ететін маңызды факторларын анық ұғындық. Ішкі регламентке, оқуға және құзыреттерге байланысты проблемалар – қызметіміздің сенімділігіне әсер ететін түйінді факторлар болып табылады. Жаңа деректерге ие бола отырып, жаңғырту процесінде адами факторларды қамтитын сенімділікті қамтамасыз етудің нысаналы бағдарламасын жасап жатырмыз.

Тәуекелді азайтуға арналған технологиялар маңыздылығына қарамастан, ешқандай технологиялық инновация ойланбай шешім қабылдау проблемасын шеше алмайды. Айқындаушы фактор адамдар екенін мойындаймыз. Сондықтан сенімділікті басқару бағдарламалары жұмыскерді дамытудың ажырамас бөлігі болады және басшылардың келесі буынын олар басқаруы мүмкін ортаның талаптарына дайындау үшін неғұрлым қатаң бағдарламаларды әзірлеумен айналысудамыз. "Piper Alpha" оқиғасынан кейін 30 жылдан астам уақыттан соң қауіпсіздік бағдарламасы оқиғалар коэффициенті туралы ұғым пайда болып, әлдеқайда жақсарды және бұл жалпы өте төмен деңгейде. Бағалауды және тәуекелдерді азайтуды біздің жұмысымыздың ажырамас бөлігі ететін жұмыс мәдениетіндегі өзгерістерге деген қызығушылық - бұл нақты прогреске қол жеткізуге болатын жол екеніне сенімдімін.

Біздің жаңа техникалық стандартымызда өндірістегі қауіпсіздіктің ғана болуы жеткіліксіз. Жоғары буын басшылары сатып алудан кәсіпшілік операцияларға дейін ұйымдастырудың барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдау үшін негізгі болып табылатын қауіпсіздікті және тәуекелдерді басқару процестерін ұғыну және қабылдау және әрбір жұмыскердің бірдеңенің салдарынан қорықпай дұрыс әрекет етуі құқығын мойындау үшін жауапкершілік көтереді

Біздің саламыз – бұл күрделі, сан түрлі және бәсекелестік бизнес, мұнда үлкеннен бастап кіші компанияға дейін неғұрлым жоғары стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Бірақ біз жалғыз өзіміз өзгерістерге ықпал ете алмаймыз, сондықтан осындай өзгерістерді үкіметтік деңгейде басқару үшін өнеркәсіп институттарымен және қауымдастықтармен ынтымақтасу қажет. Өзара іс қимыл жасауға дайын және шабыттанған персонал біздің алға жасайтын қадамымызда жетістікке қол жеткізу үшін озық практикаларды, технологияларды және бағдарламаларды қамтамасыз ете алады.

**Сауат Мыңбаев**
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы

*Внутренние коммуникации*

# ВСТРЕЧИ С ТРУДОВЫМИ КОЛЛЕКТИВАМИ



В начале февраля состоялись традиционные плановые встречи Правления Общества с трудовыми коллективами ПУ «Жетыбаймунайгаз» и ПУ «Каламкасмунайгаз».

Открывая встречу с нефтяниками Жетыбая, Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев, выразил благодарность коллективу за успешную работу в выполнении годового плана по добыче нефти за 2017год и выразил уверенность, что текущий год станет не менее плодотворным.

Генеральный директор рассказал о значимых событиях Общества, одним из которых является подписание Меморандума с производителями сельскохозяйственной продукции Мангистауской области. Сторонами соглашения являются АО «Мангистаумунайгаз», акимат Мангистауской области, Управление сельского хозяйства по Мангистауской области и местные производители сельскохозяйственной продукции. Бакыт Иманбаев отметил большую роль АО «Мангистаумунайгаз» в деле поддержки и развития сельскохозяйственного сектора региона, а также призвал работников, имеющих личные подсобные хозяйства, подключиться к работе по реализации сельскохозяйственной продукции.

Кроме того, в ходе встречи было отмечено, что введена в эксплуатацию столовая на 75 посадочных мест на месторождении Асар и здесь же начинается строительство нового общежития для работников.

Председатель профкома АО «Мангистаумунайгаз» Таргын Мысамбаев выразил признательность Правлению Общества за содействие в решении вопросов трудового коллектива, в том числе осуществлении выплаты годового бонуса за прирост добычи нефти по итогам 2017 года каждому работнику в размере 2-х окладов.

В ходе встречи, Бакыт Иманбаев рассказал о положительных результатах по решению социальных вопросов: в частности, успешно решен вопрос организации транспортировки до месторождения «Каламкас» работников, проживающих в отдаленных населенных пунктах Мангистауской области. Также было отмечено, что ежегодно осуществляются социальные выплаты работникам Общества - ветеранам войны в Афганистане, пособия при рождении ребенка и многодетным семьям и др. Правление Общества высоко оценило работу профсоюза по решению вопросов социального характера.

Бакыт Иманбаев, также как и в Жетыбае рассказал нефтяникам Каламкаса о подписании Меморандума с местными сельхозпроизводителями и призвал сотрудников, имеющих личные подсобные хозяйства, подключиться к работе по реализации сельскохозяйственной продукции.

Кроме того, в ходе встречи были затронуты вопросы общественной безопасности в религиозной сфере. Генеральный директор выразил озабоченность новыми религиозными течениями, несущими агрессивный и деструктивный характер. Обращаясь ко всем трудящимся, Бакыт Иманбаев рекомендовал соблюдать бдительность в вопросах религиозного просвещения и придерживаться традиционных для Казахстана духовно-нравственных ценностей.

По итогам встреч с трудовыми коллективами Правление Общества дало ряд конкретных поручений, руководителям соответствующих структурных подразделений, отметив при этом, что необходимо качественно и в срок исполнить данные задания.

*Саясат*

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ - НЕГІЗГІ МАҚСАТ

Ақпан айының 16 жұлдызы күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаментіне қарасты материалдық-техникалық жабдықтау қызметінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатындағы кездесу өтті. Шараға «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Сахипов, Ақтау қалалық маслихатының депутаты Қ.Есетов, Ақтау қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Д.Жапаров, «Жаңа Серпін» орталығы мониторинг бөлімінің басшысы М.Досанова және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғ.Әбдісадық қатысты.



Кездесу Елбасы Жолдауының негізгі аспектілерін талқылау мен Жолдаудан туындайтын міндеттерді түсіндірумен басталды. Бұл туралы Ақтау қалалық маслихатының депутаты, «Нұр Отан» партиясының мүшесі Қуаныш Есетов тарқатып айтып берді. Елбасы Жолдауы Қазақстан халқының жақын болашақтағы әрекет ету жоспарының негізіне айналуы тиіс. Мәселен, биылғы Жолдауда жаңғыртылатын энергия көздеріне, заманауи техника мен ақпараттық технологияларға басымдылық берілген. Бұл - заман талабы, заңдылық. Ал заман талабына сай болу барлық қазақстандықтың алдына жаңа міндеттер қоймақ. Сөзін қорыта келе Қ.Есетов жиналған көпшілікті Жолдаудың мәтінімен жеке танысуға, өздерін де, олардың тәрбиесіндегі балалары мен немерелерін де заман талабына сай мамандықтар мен жұмыссыздықты жоюға себеп болатын жаңа кәсіп түрлерін игеруге шақырды.

Әділдік үшін айта кету керек, ел аумағында жұмыссыздықты жоюға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр, нәтижесі де жоқ емес. Мәселен, статистикаға сүйенсек, соңғы бір жылдың ішінде 6 мыңға жуық Қазақстан азаматы қайта даярлау, біліктілігін арттыру, еңбек миграциясы секілді түрлі бағдарламалардың нәтижесінде жұмыссыздар санатынан шықты. Осындай үлкен мүмкіндіктер есігін ашатын «Жаңа Серпін» атты бірегей бағдарлама Маңғыстау өңірінде де жүзеге асырылып жатыр. Оның қызметі туралы жиналған жұртшылықты «Жаңа Серпін» орталығы мониторинг бөлімінің басшысы М.Досанова таныстырды. Кездесуге қатысушылардың да ерекше қызығушылығын оятқан тұс осы болды, себебі сапалы еңбек шарты мен көңілге қонымды жалақыға деген сұраныс қай кезде де бәсеңдеген емес. Бірінің қолында жұмыссыз баласы отырса, бірінің туыстары жұмыссыз жүр.

«Жаңа Серпін» бағдарламасы – Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен 2014 жылы қабылданған өңірлік бағдарлама. Ол «Жаңа серпін» орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы жүзеге асырылып келеді. Орталық жұмыссыз халықтың біліктілік сипаттамасының сапасын жақсарту және сапалы өсуіне ықпал ететін іс-шараларды іске асыру; жұмыссыз азаматтарға кеңес, заң көмегін беру; жұмыссыз халыққа кәсіби даярлықты, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру; «Жаңа серпін» бағдарламасына қатысушы жұмыссыз азаматтарға ақы төленетін өндірістік тәжірибені ұйымдастыру сынды 17 түрлі қызмет түрін ұсынып отыр (толығырақ www.janaserpin.kz сайтында). Тек 2017 жылдың қортындысы бойынша орталықтың қызметтерін пайдаланып, дәнекерлеуші, электрші, әлеуметтік қызметкер, кран операторлары, аспаз, геодезист және т.б. мамандықтар бойынша 156 адам өндірістік тәжірибеге жолданған. 253 адам аспалы кран машинисті, автокран машинисті, мұнаралы кран машинисті, теңіз портындағы тальман, паромдық кешен операторы, IT саласының маманы, геодезист секілді мамандықтар бойынша ҚР Қарағанды, Қостанай, Астана, Ақтау, Атырау қалалары мен РФ-ның Астархань, ӘР-ның Баку қалаларында оқудан өткен. 465 адам «Ақтау солтүстік теңіз терминалы» ЖШС, «Құрық Порты» ЖШС,



«Каспиопласт» ЖШС сынды мекемелерге тұрақты жұмысқа тұрған.

Берері мол бағдарлама, көрсеткіштері де көңіл көншітерлік. Ең тиімді тұсы – жұмыс беруші жұмыс іздеушілердің арасынан өзінің минималды талаптарына сай келетін азаматтарды таңдап алып, аталған Бағдарламаның көмегімен оларды қайта оқытып, талаптарына сай етіп даярлап ала алады. Демек, бағдарламаға жүгінген кез келген азамат жұмыспен қамтылуы әбден ықтимал. Алайда, кездесу соңында белгілі болғандай әріптестеріміздің дерліктей барлығы бұл мүмкіндіктер туралы мүлдем бейхабар болып шықты. Ендігі жерде, осы бағдарламаның мүмкіндіктерін насихаттап, әріптестеріміздің қаперіне берсек деген жоспарымыз бар.

Кездесу «Нұр Отан» партиясының жаңа мүшелеріне Партиялық билет табыстаумен аяқталды. Бірлік пен тұрақтылықты насихаттауға арналған осындай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ БПҰ**

*8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні*

# Көктем-көңіл, Шәмші-Ән...

**Көктемді қанатына қондырып, Маңғыстауға Шәмші-Ән келді. Әуезді саз әсем үнмен үйлесіп, дүниені мақпалдай жұмсақ әуенімен әлдиледі. Аналар мейрамы күні «Абай» мәдени демалыс кешеніне жиналған мұнайшы қыз-келіншектермен тәтті күйге тебіренген көптің қатарында біз де болдық...**





Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай наурыз айының 5 жұлдызында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қолдауымен Жас мамандар Кеңесі ұйымдастырған Шәмші Қалдаяқов әндерінің кешіне қатысқан қыз келіншектерге компанияның, мұнайшы жастар сыйлаған сыйдың аяулысы болды бұл концерт.

...Жарық! Дыбыс! Әуезді ән! Энергетика! Көрерменге деген жылы жүрек! Боямасыз өнер! Жеңіл-желпі әндерден қасаң тартып бара жатқан сезімдерді селт еткізгені рас.



Бұл күні сахна төрінде «Қаламқас» вокалды аспаптар ансамблінің және мұнайшы өнерпаздар Дидар Мұңалбаев, Марат Сәулебай, Айсұлу Есниязова, Қадірбек Құдияров, Әсет Нұрсебепов, Жаңалық Бисенқұлов, Махинұр Ерғали, Марат Оразбаев, Әлімжан Бөлекбаев, Нұрлан Битан, Талғат Жакуповтың орындауында Шәмші Қалдаяқовтың қайталанбас жиырмаға жуық әндері орындалды.



Зал толы көрермен бұл жолы әнмен ғана сусындамай, әсерлі оқылған поэзиядан, театрландырылған койылымдар мен би әлеміне еніп, жадырап отырды. Көрермен қауымның пейілінен қуат алған өнерпаздар әрбір әнін аруларға деген ізетпен, аналарға деген құрметпен әспеттей ұсынды. Содан болар, залдағы тыңдарман нақышына келтіре орындалған дүниелерді жүрек қақпасын айқара ашып қабыл алды. Ықыласпен соғылған алақан мен құшақ гүлдер осының айғағы еді.

Бұл кеште вальс королінің ұмытыла бастаған «Жаңғырған Маңғыстау», ҚР Мәдениет ісінің үздігі, жез таңдай, күміс көмей әнші Ақмарал Ерімбетованың орындауында «Жақсы гүл» әндері шырқалып, соңы «Анаға сәлем» әнімен жабылды.

Мерекелі кештің қақ ортасында болған облыс әкімінің орынбасары Руслан Сақиев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының өкілі Еркін Рақымбергенов, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бақыт Иманбаев, бас директордың бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн мырзалар сахна төрінен мұнайшы зейнеткер аналарға, қыз-келіншектерге жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Көрерменге деген ыстық ықыласпен, тыңдарман талғамына ерекше құрметпен құрылған концерт бағдарламасы жаңашылдығымен баурап, қазақ музыкасының алтын қорында қазақ Вальсінің Королі Шәмші Қалдаяқовтың жұртшылыққа жетпей жатқан, тыңдаушысын әлі таппаған тың шығармаларын да ұсынды. Сан жылдар бойы қазақтың даласы мен баласын, бабасы мен данасын ән әуенімен тербеткен бұл концерт Шәмшінің мәңгілік ғұмырын паш еткені сөзсіз. «Ақ Ерке – Ақ Жайықтың» жағасында шалқып, «Бақыт құшағында» балқып, «Қайықтың» сазында тербелгендей әсерде болдық», - дейді мерекелік шараның әсерінен тарасып жатқан зейнеткер апаларымыз бен әсем әріптестеріміз.



*Еңбек қауіпсіздігі*

# ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК АЯСЫНДА!!!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ң барлық өндірістік объектілерінде Қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша, жұмыс орнындағы қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін арттыру мақсатында апта сайын кеңес өткізілуі тиіс. Кеңестің ұзақтығы 20 минуттан кем болмауы керек.

**Кеңестің күн тәртібіне қойылатын мәселелері:**

- ұжымды болған оқыс оқиғалармен таныстыру;
- ұжымды қауіпсіздік тақырыптары бойынша оқыту;
- қауіпсіздік техникасына қатысты мәселелерді шешу;

Кеңеске өндірістік объектілеріндегі жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің бәрі қатысулары керек. Кеңестің өткізілуіне бақылау жасау қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің бөлім басшыларына жүктелуі тиіс.

Кеңестер хаттама негізінде еңбекті қорғауды тіркеу журналына қаралған сұрақтардың тізімі, өткізілген уақыты мен қатысушылардың аты-жөндері жазылады.

Ұйымның барлық объектілерінде, кенорындарда ақпараттық стенділер орналастырылуы тиіс.

**Стендте төмендегі ақпарат қамтылуы қажет:**

- болған оқыс оқиғалар;
- қауіпсіздік техникасы жөнінде үнпарақтар, бюллетендер;
- гигиена және аурулардың алдын-алу туралы ақпарат;
- өндірістік басқарма басшыларының қауіпсіздік техникасы жөніндегі үндеулері;
- үздік іс-тәжірибелер;
- үздік қызметкерлер туралы ақпарат;
- өндірістік басқарма басшыларымен хабарласу мәліметтері;
- оқытулардың, түсіндірме жұмыс-тарының және т.б. кестелері.

Ақпарат ай сайын жаңартылып отырылуы тиіс.

Ұйым қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғаудың кез келген тәртіп бұзушылық оқиғасына төзбестікпен қарайды. Өрескел тәртіп бұзушылыққа жол берген қызметкермен жасалған еңбек шарты бұзылады. Әрбір қызметкер ұйымда қолданылатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау стандарттарын, нормалары мен ережелерін сақтауы және қасындағы бірге жұмыс жасайтын қызметкерлерден мұны талап етуі тиіс.

Бригадаларда жұмыс басталар алдында, жұмыс жоспары талқыланып тәуекелді болдырмауға, алдын алуға жұмыстануымыз тиіс. Жұмыс жасау кезінде бригадаға тәжірибелі тұлғаны жауапты етіп, бейресми түрде тағайындауды практика жүзінде қолға алу керек.

Әрбір қызметкер егер ол қауіпті жағдайларда жұмыс орындап жатса, яғни, өзінің және басқа да жұмыскерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшы немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмыс орындаудан бас тартуға құқығы бар.

Оқыс оқиғалар туралы ақпаратты жасыру қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың өрескел бұзылуы болып есептелінеді.

**Өндірістің қауіпсіздік қағидалары!!!**

Ешкім зардап шекпеуі керек!

Жұмысқа кірісер алдында ойлан!

Жұмысты қауіпсіз орында, немесе мүлдем орындама!

Жұмысты қауіпсіз орындауға әрдайым уақыт табылады!

Күмәнің болса анықта (сұра)!, - деп жазылған өндірістің қауіпсіздік қағидалары плакаттары сіздер үшін жазылғанын, әр сөзді оқып жаттап алу үшін емес, әр сөзді дұрыс ұғынып орындау үшін жазылғанын және сізді үйде отбасы күтетінін естен шығармағаныңыз жөн.

Біздің басты мақсатымыз «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің күн сайын үйлеріне аман-есен қайтуы үшін жағдай жасау, зиянсыз жұмысқа қол жеткізу болып табылады.

Сонымен қатар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мен денсау-лығын жақсартуға, сондай-ақ компаниямыздың еңбекті қорғау саласында үздік кәсіпорын және «Парыз» байқауының иегері атануына атсалысып, 10 қауіпсіз мекеме қатарына қосылуына үлесімізді қосайық.

**К.А. Таджибаев**

Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры

*Ставка на перспективу*

# НОВАЯ ПОДСТАНЦИЯ РЕШИЛА ПРОБЛЕМУ

**На месторождении Асар введена в эксплуатацию новая подстанция ПС-35/6кВ мощностью 2*6300кВа.**



В 2006 году для обеспечения группы месторождений ПУ «Жетыбаймунайгаз» альбсеноманской водой было начато бурение водозаборных скважин со строительством водонасосной станции НВС «Асар». Для электроснабжения данных объектов тогда были построены две воздушные линии - ВЛ-6кВ от ПС-35/6кВ «БКНС-5» протяженностью 8,5км. В связи с увеличением объема альбсеноманской воды, бурением новых водозаборных скважин, в последующие годы остро встал вопрос дефицита электрической мощности. То есть, существующая схема электроснабжения НВС «Асар» попросту не удовлетворяла растущим потребностям месторождения. К тому же, в 2015-2017 годах на месторождении Асар было начато интенсивное бурение новых нефтедобывающих скважин с введением в эксплуатацию новой групповой установки - ГУ-3.

Поэтому, в начале прошлого года руководством АО «Мангистау-мунайгаз» было принято решение построить на Асаре новую электро-подстанцию, и уже 2 февраля 2018 года новая подстанция ПС 35/6кВ была успешно введена в эксплуа-тацию.

Стоит отметить, что благодаря непосредственному участию высоко-квалифицированных специалистов АО «Мангистаумунайгаз», ТОО «МЭМ», ТОО «ОСС», сложнейшее современное электрооборудование ПС-35/6кВ было качественно смонтировано, налажено и пущено в работу. Большую лепту в реализацию проекта внесли - главный энергетик ПД АО «Мангистаумунайгаз» Н. Имангазиев, главный энергетик ПУ «Жетыбаймунайгаз» К. Абуов, генеральный директор ТОО «МЭМ» Н.Косбаев, руководитель СРЗАиИ С.Жентров, руководитель ПСКРЭЭ Г. Оразов, заместитель генерального директора ТОО «ОСС» Д. Атчибаев, а также многие другие руководители и специалисты.

Ввод в работу новой подстанции ПС-35/6кВ «Асар-2» позволил полностью решить проблему нехватки электрической мощности объектов нефтедобычи, в связи с чем, появилась реальная возможность для осуществления намеченных Обществом планов по дальнейшему развитию нефтедобывающего месторождения Асар.

*Наша безопасность*

# СОБЛЮДАЙТЕ ТЕХНИКУ БЕЗОПАСНОСТИ!

## Статистическая информация по скоростному режиму автотранспорта за 2017 год

В 2017 году по сравнению с предыдущим годом динамика нарушений при эксплуатации технологического транспорта и автотранспортных средств ТД АО «ММГ» и подрядных организаций обслуживающих контрактные территории Общества, снизилась на 58%, учитывая увеличение количества автотранспортных средств, контролируемых посредством системы GPS мониторинга с выводом в Ситуационный центр ЦИТД АО «ММГ».

**По транспорту ТД АО "ММГ" по сравнению с 2016 годом динамика нарушений при эксплуатации технологического транспорта и автотранспортных средств (превышение скоростного режима) снизилась на 92,7%.**




## Статистическая информация по нарушениям за период 2014-2017 гг.







За отчетный период Департаментом ТБ ОТ и ООС, совместно с комиссией АО «Мангистаумунайгаз» по безопасности труда, были проведены **23** проверки ПДК с выявлением в них **534** (устранено **523**) пункта нарушений, и **354** проверок с выявлением в них **1755** (устранено **1702**) пунктов нарушений. По остальным нарушениям не подошли сроки исполнения.

Согласно графиков видно уменьшение нарушений по сравнению с 2016 годом. Это обосновывается постоянными разработанными мероприятиями по устранению нарушений согласно актов-предписаний и указаний.

Также для недопущения нарушений на производстве сотрудники СОТ и ПБ (полевые инженера) ежедневно выезжают на производственные объекты. Проверяют работы повышенной опасности на местах, ведут разъяснительные работы.












*Внутренние коммуникации*

# График проведения встреч линейных руководителей АО «Мангистаумунайгаз» с работниками на 2018 год

| № п/п | Структурное подразделение | Ф.И.О. должность | Дата и время проведения | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | I-квартал | II -квартал | III -квартал | IV-квартал |
| 1. | ЦДНГ-1 ПУ «КМГ» | Байназаров А.–начальник ЦДНГ-1 ПУ «КМГ» | 05.01.2018г.<br>13.00 | 05.04.2018г.<br>13.00 | 05.07.2018г.<br>13.00 | 02.10.2018г.<br>13.00 |
| 2. | ЦДНГ-2 ПУ «КМГ» | Отаралиев С.– начальник ЦДНГ-2 ПУ «КМГ» | 14.01.2018г.<br>13.00 | 25.04.2018г.<br>13.00 | 14.07.2018г.<br>13.00 | 10.10.2018г.<br>13.00 |
| 3. | ЦДНГ-3 ПУ «КМГ» | Тастыгараев С.– начальник ЦДНГ-3 ПУ «КМГ» | 25.01.2018г.<br>13.00 | 15.04.2018г.<br>13.00 | 25.07.2018г.<br>13.00 | 17.10.2018г.<br>13.00 |
| 4. | ЦДНГ-4 ПУ «КМГ» | Кентанов М.– начальник ЦДНГ-4 ПУ «КМГ» | 15.02.2018г.<br>13.00 | 05.05.2018г.<br>13.00 | 14.08.2018г.<br>13.00 | 25.10.2018г.<br>13.00 |
| 5. | ЦППД ПУ «КМГ» | Айтуаров Ж.– начальник ЦППД ПУ «КМГ» | 06.01.2018г.<br>13.00 | 16.04.2018г.<br>13.00 | 06.07.2018г.<br>13.00 | 03.10.2018г.<br>13.00 |
| 6. | ЦПТЖ ПУ «КМГ» | Жаймагамбетов С.– начальник ЦПТЖ ПУ «КМГ» | 16.01.2018г.<br>13.00 | 06.04.2018г.<br>13.00 | 16.07.2018г.<br>13.00 | 11.10.2018г.<br>13.00 |
| 7. | ЦкППН ПУ «КМГ» | Едилбаев С.– начальник ЦкППН ПУ «КМГ» | 26.01.2018г.<br>13.00 | 26.04.2018г.<br>13.00 | 16.08.2018г.<br>13.00 | 06.11.2018г.<br>13.00 |
| 8. | УПСВ ПУ «КМГ» | Захaнов С.– начальник УПСВ ПУ «КМГ» | 06.02.2018г.<br>14.00 | 16.05.2018г.<br>14.00 | 06.08.2018г.<br>14.00 | 16.11.2018г.<br>14.00 |
| 9. | ЦДПиТГ ПУ «КМГ» | Бержанов А.– начальник ЦДПиТГ ПУ «КМГ» | 07.02.2018г.<br>13.00 | 27.05.2018г.<br>13.00 | 07.08.2018г.<br>13.00 | 18.11.2018г.<br>13.00 |
| 10. | ПРЦЭО ПУ «КМГ» | Агиев И.– начальник ПРЦЭО ПУ «КМГ» | 25.02.2018г.<br>13.00 | 07.05.2018г.<br>13.00 | 27.08.2018г.<br>13.00 | 27.11.2018г.<br>13.00 |
| 11. | УЭ ПРЦЭО ПУ «КМГ» | Надиров К. – начальник УЭ ПРЦЭО ПУ «КМГ» | 18.02.2018г.<br>13.00 | 27.06.2018г.<br>13.00 | 18.09.2018г.<br>13.00 | 18.12.2018г.<br>13.00 |
| 12. | ЦТВСиК ПУ «КМГ» | Есиркепов Т.– начальник ЦТВСиК ПУ «КМГ» | 27.03.2018г.<br>13.00 | 07.06.2018г.<br>13.00 | 07.09.2018г.<br>13.00 | 07.12.2018г.<br>13.00 |
| 13. | ЦНИПР ПУ «КМГ» | Онаев М.– начальник ЦНИПР ПУ «КМГ» | 26.03.2018г.<br>13.00 | 06.06.2018г.<br>13.00 | 06.09.2018г.<br>13.00 | 26.12.2018г.<br>13.00 |
| 14. | УХР НКТ и ГН ПУ «КМГ» | Махамбетов Б.– начальник УХР НКТ и ГН ПУ «КМГ» | 06.03.2018г.<br>13.00 | 26.06.2018г.<br>13.00 | 16.09.2018г.<br>13.00 | 16.12.2018г.<br>13.00 |
| 15. | ЦИТС ПУ «ЖМГ» | Сагиндыков Н.–руководитель ЦИТС ПУ «ЖМГ» | 04.01.2018г.<br>15.00 | 02.04.2018г.<br>15.00 | 02.07.2018г.<br>15.00 | 01.10.2018г.<br>15.00 |
| 16. | ЦДНГ-1 ПУ «ЖМГ» | Акимиязов А. –начальник ЦДНГ-1 ПУ «ЖМГ» | 05.01.2018г.<br>16.00 | 03.04.2018г.<br>16.00 | 03.07.2018г.<br>16.00 | 02.10.2018г.<br>16.00 |
| 17. | ЦДНГ-2 ПУ «ЖМГ» | Сатмаганбетов С. –начальник ЦДНГ-2 ПУ «ЖМГ» | 08.01.2018г.<br>16.00 | 04.04.2018г.<br>16.00 | 09.07.2018г.<br>16.00 | 03.10.2018г.<br>16.00 |
| 18. | ЦДНГ-3 ПУ «ЖМГ» | Кемелбаев Н.–начальник ЦДНГ-3 ПУ «ЖМГ» | 09.01.2018г.<br>16.00 | 09.04.2018г.<br>16.00 | 10.07.2018г.<br>16.00 | 08.10.2018г.<br>16.00 |
| 19. | ЦППД ПУ «ЖМГ» | Кулмурынов Б. –начальник ЦППД ПУ «ЖМГ» | 10.01.2018г.<br>16.00 | 10.04.2018г.<br>16.00 | 11.07.2018г.<br>16.00 | 09.10.2018г.<br>16.00 |
| 20. | ЦППН ПУ «ЖМГ» | Тангышев Ж. –начальник ЦППН ПУ «ЖМГ» | 15.01.2018г.<br>16.00 | 16.04.2018г.<br>16.00 | 16.07.2018г.<br>16.00 | 15.10.2018г.<br>16.00 |
| 21. | ЦНИПР ПУ «ЖМГ» | Бисенбаев С. –начальник ЦНИПР ПУ «ЖМГ» | 16.01.2018г.<br>16.00 | 17.04.2018г.<br>16.00 | 17.07.2018г.<br>16.00 | 16.10.2018г.<br>16.00 |
| 22. | ПРЦЭО ПУ «ЖМГ» | Айтбай М.–начальник ПРЦЭО ПУ «ЖМГ» | 22.01.2018г.<br>16.00 | 23.04.2018г.<br>16.00 | 23.07.2018г.<br>16.00 | 22.10.2018г.<br>16.00 |
| 23. | ЦПТГиЭГХ ПУ «ЖМГ» | Ныгыметов Ж. –начальник ЦПТГиЭГХ ПУ «ЖМГ» | 23.01.2018г.<br>16.00 | 24.04.2018г.<br>16.00 | 24.07.2018г.<br>16.00 | 23.10.2018г.<br>16.00 |
| 24. | УУиОЗГ ПУ «ЖМГ» | Даулбаев М.–начальник УУиОЗГ ПУ «ЖМГ» | 29.01.2018г.<br>16.00 | 27.04.2018г.<br>16.00 | 27.07.2018г.<br>16.00 | 29.10.2018г.<br>16.00 |
| 25. | ЦОП № 1 Каламкас<br>вахта №1 ОООП ДАВ | Молдакадыров Б.А. – начальник ОООП ДАВ<br>Мирманова П.К. – старший технолог ЦОП № 1 Каламкас ОООП | 09.01.2018 г.<br>15.00 | 04.04.2018 г.<br>15.00 | 04.07.2018 г.<br>15.00 | 04.10.2018 г.<br>15.00 |
| 26. | ЦОП № 1 Каламкас<br>вахта № 2 ОООП ДАВ | Молдакадыров Б.А. – начальник ОООП ДАВ<br>Масалимова М.Г. – старший технолог ЦОП № 1 Каламкас ОООП | 17.01.2018 г.<br>15.00 | 11.04.2018 г.<br>15.00 | 11.07.2018 г.<br>15.00 | 11.10.2018 г.<br>15.00 |
| 27. | ЦОП № 1 Жетыбай<br>вахта № 2 ОООП ДАВ | Молдакадыров Б.А. – начальник ОООП ДАВ<br>Рабаева М.Б. – старший технолог ЦОП № 1 Жетыбай ОООП ДАВ | 10.01.2018 г.<br>15.00 | 05.04.2018 г.<br>15.00 | 07.07.2018 г.<br>15.00 | 05.10.2018 г.<br>15.00 |
| 28. | ЦОП № 1 Жетыбай<br>вахта № 1 ОООП ДАВ | Молдакадыров Б.А. – начальник ОООП ДАВ<br>Нургалиева Ж.С. – старший технолог ЦОП № 1 Жетыбай ОООП | 18.01.2018 г.<br>15.00 | 12.04.2018 г.<br>15.00 | 12.07.2018 г.<br>15.00 | 12.10.2018 г.<br>15.00 |
| 29. | АУП, Склад<br>ЦОП № 2 Актау ОООП ДАВ | Молдакадыров Б.А. – начальник ОООП ДАВ<br>Нурлиева Г.А. – ведущий товаровед склада ОП<br>Айтбаева Г.А. – старший технолог ЦОП № 2 Актау ОООП | 19.01.2018 г.<br>16.00 | 13.04.2018 г.<br>16.00 | 13.07.2018 г.<br>16.00 | 16.10.2018 г.<br>16.00 |
| 30. | СМТС ДЗиМТС | Куванов А. – руководитель службы СМТС ДЗиМТС | 23.02.2018г.<br>16.30 | 25.05.2018г.<br>16.30 | 24.08.2018г.<br>16.30 | 23.11.2018г.<br>16.30 |
| 31. | ЦСПО ОГМ ПД | Рыскалиев А.Б. – руководитель ЦСПО | 05.01.2018г.<br>16.30 | 06.04.2018г.<br>16.30 | 06.07.2018г.<br>16.30 | 05.10.2018г.<br>16.30 |
| 32. | ССО БКНС ПУ «ЖМГ» ЦСПО ОГМ ПД | Рыскалиев А.Б.–руководитель ЦСПО<br>Кожаев С.Ш.–зам.руководителя<br>Гимранов А. –ведущий механик ЦСПО | 19.01.2018г.<br>13.30 | 13.04.2018г.<br>13.30 | 13.07.2018г.<br>13.30 | 12.10.2018г.<br>13.30 |
| 33. | ССО БКНС ПУ «ЖМГ» ЦСПО ОГМ ПД | Рыскалиев А.Б.–руководитель ЦСПО<br>Кожаев С.Ш.–зам.руководителя<br>Гимранов А. –ведущий механик ЦСПО | 26.01.2018г.<br>13.30 | 20.04.2018г.<br>13.30 | 20.07.2018г.<br>13.30 | 19.10.2018г.<br>13.30 |
| 34. | ССО БКНС ПУ «КМГ» ЦСПО ОГМ ПД | Рыскалиев А.Б.–руководитель ЦСПО<br>Кожаев С.Ш.–зам.руководителя<br>Ералиев М.Б.–ведущий механик ЦСПО | 17.01.2018г.<br>13.30 | 18.04.2018г.<br>13.30 | 18.07.2018г.<br>13.30 | 10.10.2018г.<br>13.30 |
| 35. | ССО БКНС ПУ «КМГ» ЦСПО ОГМ ПД | Рыскалиев А.Б.–руководитель ЦСПО<br>Кожаев С.Ш.–зам.руководителя<br>Ералиев М.Б.–ведущий механик ЦСПО | 29.01.2018г.<br>13.30 | 26.04.2018г.<br>13.30 | 26.07.2018г.<br>13.30 | 18.10.2018г.<br>13.30 |
| 36. | А/колонна Каламкасского участка<br>а/парка ТД вахта№1 | Онгалбаев Е.Г. – начальник а/парка Т.Д.<br>Аккулов Е. – начальник а/к Каламкасского участка а/п ТД | 03.02.2018г.<br>20.00 | 05.05.2018г.<br>20.00 | 04.08.2018г.<br>20.00 | 03.11.2018г.<br>20.00 |
| 37. | А/колонна Каламкасского участка<br>а/парка ТД вахта№2 | Онгалбаев Е.Г. – начальник а/парка Т.Д.<br>Джумажанов К. Е. – зам.начальника а/к Каламкасского уч. а/п ТД | 10.02.2018г.<br>20.00 | 12.05.2018г.<br>20.00 | 11.08.2018г.<br>20.00 | 10.11.2018г.<br>20.00 |
| 38. | А/колонна Жетыбайского участка<br>а/парка ТД | Онгалбаев Е.Г. – начальник а/парка Т/Д<br>Донгелов Е.К. – начальник а/к Жетыбайского участка а/п ТД | 17.02.2018г.<br>17.00 | 19.05.2018г.<br>17.00 | 18.08.2018г.<br>17.00 | 17.11.2018г.<br>17.00 |
| 39. | А/колонна г.Актау, работники а/парка и ТД | Онгалбаев Е.Г. – начальник а/парка ТД<br>Диханов С.К. – зам.начальника а/парка ТД<br>Беков Е.К. – зам.начальника а/парка (по эксплуатации) ТД | 24.02.2018г.<br>17.30 | 26.05.2018г.<br>17.30 | 25.08.2018г.<br>17.30 | 24.11.2018г.<br>17.30 |

**Исп.Галидуллин С., тел.211-861**

*1 наурыз - Алғыс айту күні*

# ҚАРИЯСЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛ ҚАДІРЛІ




Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылғы 14 қаңтардағы жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні - наурыз айының 1 жұлдызы Қазақстандағы этномәдени бірлестіктер өкілдерінің ұсынысы бойынша этностардың бір-біріне және олардың қиын-қыстау мезгілде төзімділік пен қонақжайлылық танытқаны үшін қазақ халқына деген алғысын білдіре алатын күн ретінде яғни «Алғыс айту күні» болып жарияланды. Жылдың ең әдемі мезгілін бастап келетін айтулы мереке биыл үшінші рет тойланып, жер-жерде салтанатты шаралар мен қайырымдылық акцияларының өтуіне себепші болды.



Қашан да қайырымдылыққа бір табан жақын жүретін «Маңғыстаумұнайгаз» жастары да бұл үрдістен шет қалмай, «Алғыс айту күні» мерекесін Ақтау қаласындағы карттар үйінде облыстық ғылыми-әдістемелік орталықпен біріге ұйымдастырған «Қариясын сыйлаған ел қадірлі» атты шағын концерттік бағдарламамен атап өтуді жөн көрді. Маңғыстау өнеркәсібінің ірге тасын бірге қаласқан бірнеше этнос өкілдері құрметті зейнет демалыстарын осы орталықта өткізіп жатыр. Бүгінгі концерт жас буынның сол қариялардың Маңғыстау облысының дамуы мен өркендеуіне арнаған қажыр-қайраты мен жалынды жылдарына деген құрметі мен алғысының бір нышаны болмақ. Қартқа деген құрмет – қашан да жастың міндеті болып қала бермек.

«Адам туғанында бір бала, жас тайғанда бір бала» демекші, ізін суытпай барып тұратын, әр барған сайын бір мереке жасап кететін Компания жастарын карттарымыз көрген сайын балаша қуанып, әуелеген әндерге қосыла шырқап, шырқ айналып би билеп, бір жасап қалатындай. Бұл жолы да дәл солай болды – риясыз күлкі, шынайы сезім, көтеріңкі көңіл күй. Әнмен апталып, бимен күптелген әдемі шара тұрмыстың тауқыметін бір сәтке болса да ұмыттырып, карттарымызды мәре-сәре күйге салды.

Концерттен соң ақ дастарқан басына жиналған зейнеткерлер ұйымдастырушыларға жарыса алғысын айтып, батасын берді. Естелік суретке түсіп, қимай қоштасты. Үлкендердің ақ батасын алған жастар болса Алғыс күнінің аға ұрпақтың еңбегін қадірлеу, кейінгі буынды еңбек, ерлік дәстүріне тәрбилеуде маңызы зор екеніне көз жеткізді.

* * *

Компанияда жанқиярлық еңбектің үлгісін көрсетіп, өндірістің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүрген мұнайшылар көптеп саналады. Алғыс айту күніне орай 46 еңбек озатына Басқарма мүшесі, Бас директор Б.Иманбаев жеке жеке алғыс білдірді.

«Сіз адал еңбегіңіз арқылы өз жанұяңызды асырап қана қоймай, Маңғыстау сынды қазыналы түбектің мәртебесін асырып, ырыс-несібесінің тасуына бір адамдай атсалысып келесіз. Қазақстан экономикасының күре тамыры саналатын мұнай өнеркәсібінің дамуында Сіздің де айқын қолтаңбаңыз жатыр.

Бабалардан «Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың» деп ұрпақтан ұрпаққа жеткен өсиет бар. «Алғыс алған арымас» деген даналық қалған. Бүгінгі 1-наурыз – Алғыс айту күніне орай Өзіңізге деген зор құрметімді білдіре отырып, Компаниямыздың көркеюіне, ұжымымыздың ынтымақ-бірлігіне, қоғамымыздың дамуына қосқан зор үлесіңіз үшін Компания Басқармасы және өз атымнан Алғыс айтамын! Отбасыңыз аман, денсаулығыңыз мықты болып, шаңырағыңыз шаттыққа толсын!» деген ыстық ықыласты, ізгі көңілді арқалаған алғыс хаттар көктемнің алғашқы күні пошта арқылы шаңырақтарға жетті. Сәлем хат әріптестеріміздің мерекелік көңіл күйін еселей түсті деген сенімдеміз. Мереке құтты, еңбек зейнетті болсын!

*Партия тынысы*

# ДИАЛОГ – ТҮСІНІСТІК БАСТАУЫ

Нұр Отан



Ағымдағы жылдың ақпан айының 23 жұлдызы күні ішкі коммуникациялар Ережесіне сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік департаменті қызметкерлерінің құрылымдық бөлім жетекшілерімен кезекті кездесу өтті. Кездесуге «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бастауыш партия ұйымы төрағасы Ғ. Әбдісадық қатысты.

Кездесуде көлік департаменті автомобиль паркінің бастығы Е.Оңғалбаев мұнан бұрынғы кездесу барысында көтерілген мәселелердің шешілуі бойынша есеп берді. Ол хаттамаға көлік жүргізушілерін алаңдататын басты мәселе ретінде енген - көлік құралдарына қажетті қосалқы бөлшектердің уақытылы жеткізілмеуі жөніндегі сұрақтың шешілгендігі жөнінде хабарлады. Компания Басқармасының тапсырмасымен 2018 жылдан бастап қажеттілігі уақыт күттірмейтін тауарлар мен қызметтерді сатып алу әдеттегі мерзімінен бұрын жүзеге асырылатын болады. Соның ішінде көліктерге қажетті қосалқы бөлшектер бар.

Еске сала кетер болсақ, мұндай кездесулер Компаниямызда 2015 жылдың қазан айынан бері жүзеге асырылып келеді. Тек өткен 2017 жылдың өзінде 176 кездесу өткен. Мұндағы мақсат – жұмысшы мен басшылықтың арасын жақындата түсу, шешімін таппай жүрген не болмаса назардан тыс қалып жүрген сұрақтарды дер кезінде басшылық қаперіне жеткізу, орын алуы мүмкін әлеуметтік шиеленістердің, өндірістік күрмеулі мәселелердің алдын алу. Тәжірибе көрсеткендей, желілік кездесулер ауысыммен жасайтын қызыметкерлердің де тұрмыстық жағдайын жақсартуға, асханаларда көрсетілетін қызмет сапасының жақсартылуына, қызметкерлерді тасымалдау мәселесінің жолға қойылуына, бастысы ұжым ішінде түсіністік пен келісімнің орнауына себеп болды. Мұндай нәтижелі тәжірибе бүгінгі таңда Компания саясатының ажырамас бөлігіне айналды.

Кездесу «Нұр Отан» партиясына жаңадан қабылданған азаматтарға Партияның мүшелік билеттерін тапсырумен жалғасты. Бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғ. Әбдісадық азаматтарды Партия қатарына өтулерімен құттықтады. Жиынға қатысушыларға Партиялық жобалардың аясындағы жұмыссыздықты жою, кәсіби біліктілікті арттыру, кәсіпкерлікті қолдау бойынша бірқатар жұмыстардың жүргізіліп жатқандығы туралы ақпарат берілді. Сондай-ақ қолдау қажет болған жағдайда партия өз тарапынан мүшелерінің мүддесі үшін қызмет етуге дайын екендігін жеткізіп, бірлік пен тұрақтылық жолында жұмыла жүріп әрекет етуге шақырды.

*Дәстүрлі дін*

# МҰСЫЛМАННЫҢ СИПАТЫ



Бүгінгі тілге тиек еткелі отырған тақырыбымыз - мұсылманның сипаты, яғни бұл сипаттың қоғамдағы маңыздылығы жайында болмақ. Салт-дәстүріміздегі тәрбие жолын қарап отырсақ, нақ осы мұсылманның шынайы сипаттарын көреміз. Барлығы дерлік Құран аяттары мен әз пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сүннет шәріптеріне саятын, тәрбие негізі. Осы тұста қысқаша шынайы мұсылманның сипаттарына тоқталатын болсақ:

**1. Дұрыс сенімде болу.** Яғни бір Аллаға сену. Иман негіздерін толық мойындау. Аллаға серік қоспау.

2. **Пайдалы білім алу**. Мұсылман ең алдымен білімді, сауатты болуы қажет. Діни біліммен қатар зайырлы білім алу міндет. Діни білімді білетін маман иелерінен ұстаздардан үйренуі қажет. Пайғамбарымыз (*Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын*) білім алу жайындағы хадисінде: «*Білімді талап ету - әрбір мұсылманға парыз*» деген.

**3. Отансүйгіштік**. Әрбір мұсылманның өзінің Отан сүюі, оған қызмет етуі парыз. Дана халқымыздың қанатты сөзінде: «Отанды сүю – иманнан» деген. Бұл өз Отанымыздың құқықтарын қорғау, Отаншыл болу, ана тілімізді, дінімізді, дәстүрмізді жақсы білу болып есептеледі .

**4. Заңға бағыну, басшыға бағыну**. Мұсылман адам Аллаға иман келтірген соң тұрып жатқан өз елінің заңына, басшысына бағынуы тиіс. Басшыға, заңға бағыну мұсылмандарды ауызбіршілікке, қоғамның тыныш болуына, мемлекеттің тұрақты болуына және Исламның дамуына кепілдік береді. Заңға, басшыға мойынұсынған уақытта бұзақылық, қылмыс болмайды.

**5. Дінаралық татулықты сақтау**. Шынайы мұсылман қоғамдағы өзге дін өкілдеріне, өзге адамдарға зиян тигізбей, мемлекеттің тыныштығын басты назарда ұстайтын адам.

**6. Қоғамға пайдалы болу**. Жалпы адамадарға пайдалы болу. Көршімен жақсы болу, мұқтаж адамдарға жәрдем беру. Мұсылмандарды бірлікке шақыру, бөлінбеу.

**7. Еңбекқорлық**. Адамның осы дүниедегі және ақиреттің жемісі, ең алдымен, Алланың қалауымен және адал еңбегімен болады. Сондықтан мұсылман жалқаулықтан алыс, еңбекқор болуы қажет.

**8. Ысырапқа жол бермеу және сараңдықтан алыс болу**. Мұсылман баласы үнемшіл, қолында барына қанағат етіп, ысырапқа жол бермеуі қажет. Өйткені Алла Тағала ысырап жасаған адамдарды жақсы көрмейді. Ысырап ету - мал-дүниені керек емес нәрсеге онды-солды шашу. Харам нәрсеге жұмсау, құмар ойыны, арақ-шарап, мақтаныш үшін берілген дүние. Сонымен қатар үнемшіл боламын деп сараңдыққа да бой алдырмау керек. Яғни, мұсылман адам ысырапқа жол бермей, сараңдықтан алыс, жомарттыққа жақын болуы қажет.

**9.Көркем мінез-құлық**. Мұсылманның көріктісі, жақсысы - оның мінез-құлқының көркем, жақсы болуында. Көркем мінез сабырлық, шыншылдық, аманат, туралық, тіліне ие болу, ойының таза болуы, жомарттық, кішіпейілділік, қарапайымдылық, бауырмалдылық, бірлік, батылдық сияқты т.б. көптеген мақтаулы сипаттарымен танылады.

**10. Кішіпейіл болу**. Кішіпейілділік тақуа болған адамның көрінісі деп айтуға болады.Тәкаппарлық мұсылманға жат қылық. Хадис: «*Кімде-кімнің жүрегінде тозаңдай тәкаппарлық болса, ол кісі жұмаққа кірмейді*» деген. Сондықтан мұсылман басқалардан өзін жоғары ұстамай, кішіпейіл болуға тырысу қажет.

**11. Уәдеде тұру**. Бұл мұсылман үшін асыл қасиет. Пайғамбарымыз (с.а.у) көркем мінезінен болған. Имандылықтықтың нышаны - уәдеге берік болу. Өкінішке орай, қазіргі замандағы адамдардың бойында осы қасиеттер жетіспей жатады.

**12. Бауырмалдық.** Мұсылман мұсылманға бауыр. Мұсылман қиыншылық уақытта мұсылман бауырына қол ұшын береді. Мұсылман бір-біріне кешірімді, сабырлы болуы арқылы бауырмалдығын көрсете алады.

**13. Сәлемдесу.** Хадисте: «*Сәлем беру-сүннет, ал жауап қайтары-уәжіп*» деген. Мұсылманның мұсылманшылығы сәлемнен басталады. Сәлемдесу арқылы мұсылмандар арасында сүйіспеншілік ынтымақ артады.

**14. Сыртқы келбеті мен тазалығына мән беру**. Мұсылманның сыртқы көрінісі, жүріс-тұрысы Исламға сай болуы тиіс. Мұсылман басқаларға үлгі боларлықтай киімі таза, әдемі, ұқыпты болуы керек. Өйткені Алла Тағала Құран Кәрімде: «*Расында Алла тәубе етушілер мен таза болғандарды жақсы көреді*» және Пайғамбарымыздың Хадисінде: «*Тазалық –иманның жартысы*» деген. Мұсылман жаны таза болғандай үсті-басы, киімі де жарасымды таза болуы керек.

**15.Ата-анаға мойынұсыну**. Алланың разылығын аламыз десек, алдымен ата-анамыздың разылығын алуымыз шарт. Яғни, ата-анаға бағыну, сыйлау, қызмет ету - бұл Алланың әмірі. Хадисте келтірілгендей: «*Алланың разылығы әке-шешенің разалығында, ал қаһары әке-шешенің ашуында*»,-деген.

**16.Отбасына қамқорлық жасау.** Мұсылман өз қарамағындыларға жауапты. Жанұя мүшелері ер адамының қарамағында. Демек, мұсылман ер өзінің әйеліне, балаларына, жанұясына жауапты. Отбасын асырау, нәпақа тауып беру, жанұясын адамгершілікке, имандылыққа, салт-дәстүрімізді қастерлеуге үйрету - ер адамның жауапкершілігінде. Сондықтан әр мұсылман өзінің отбасы мүшелеріне, өсіп келе жатқан балаларына дұрыс дәстүрлі ислами тәрбие, білім беруге жағдай жасау қажет.

Міне, осы аталған сипаттарды мұсылман адам өз бойына сіңіре білсе, шынайы мұсылманның сипатын бойына қалыптастырған болып табылады.

**Нұрперзент Қыпшақбаев,**
Маңғыстау облысының дін істері жөніндегі басқарма маманы, теолог



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500